


# ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ-2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

# Мақсаты:

Жолдаудың мақсат, міндеттерін, мазмұнын талдау.

**Бір мақсат** - бұл «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз-Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту!

**Бір мүдде** - бұл біздің ортақ құндылықтары-мыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз!

**Бір болашақ** - бұл Мәңгілік Елдің, біздің ортақ үйіміз - Қазақстан Республикасының өркендеуі!

# Мәңгілік Елдің 7 басты құндылығы:

Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы;

Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;



Зайырлы қоғам және жоғары руханият;

Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;

Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім;

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы;

# Топпен жұмыс

I топ:

1.Жолдауда елді дамытудың ұзақ мерзімді қандай мақсаттары көрсетілген?

2.Инновациялық индустрия, агроөнеркәсіп кешені жайында қандай мәселелер көтерілген?

II топ:

1.Жолдау бүкіл қазақстандықтарды неге бағыттайды?

2. Ғылыми қамтымды экономика, инфрақұрылымдық ұштаған.

III топ:

1.Жолдау қай жылғы стратегияларға негізделген?

2.Шағын және орта бизнес, сапалы білім беру, денсаулық, мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіру.

# Жолдаудағы Қазақстан тарихына енетін 10 креативті идея

**ПАТРИОТИЗМ**

Қазақстандық қоғамның шешуші құндылықтарын бекітетін жаңа құжат- «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі әзірленіп, қабылданатын болады.

**ИННОВАЦИЯ-ЛАРДА**

Экономиканың жаңа салаларын, бірінші кезекте-мобильді және мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, роботты техника, гендік инженерия, болашақтың энергиясын іздеу және ашу әрбір келесі бесжылдықтың нақты нәтижелеріне айналмақ.

**ГЕОЛОГИЯДА**

Қазақстан геологиялық барлау саласында әлемдік рынокқа енуі тиіс. Бұл салаға тиісті заңнаманы қарапайымдандырғаннан кейін шетелдік инжинирингтік компаниялардың инвестициялары тартылады.

**АУЫЛ ШАРУАШЫ-ЛЫҒЫНДА**

Аграрлық ғылымның, оның ішінде гендік жаңғыртылған дақылдар әзірлеудің арқасында Қазақстан өңірлік ірі ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортаушылардың біріне айналады.

**ҒЫЛЫМДА**

Шетелдік инвестициялар бүтіндей біздің елімізге білімдер мен жаңа технологияларды трансферттеу үшін пайдаланылатын болады. Шетелдік компаниялармен бірге жобалау орталықтары құрылып, технопарктерде ең ірі қазақстандық компаниялардың қосымша өндірістері орналасатын болады.

**АУМАҚТЫҚ ДАМУДА**

Ең ірі қалалар Астана мен Алматы, одан әрі Шымкент пен Ақтөбе алғашқы қазіргі заманғы урбанистік орталықтарға айналады. Олар сондай-ақ ғылымның және инвестициялар мен халықты тарту орталықтарына да айналмақ.

**КӨЛІКТЕ**

Логистикалық қызмет секторы белсенді дамитын болады. Жүктерді тасымалдау үшін Кеден одағы аумағы барынша пайдаланылмақ. Болашақта Қазақстан теңізге шығатын елдерде логистикалық орталықтар құруды инвестициялауды бастайтын болады.

**ЭНЕРГЕТИКА-ДА**

ЭКСПО-2017 дайындық барысында Астана болашақтың энергиясы мен жасыл экономиканы іздеу мен құру жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерттейтін және енгізетін орталыққа айналады. Жаңа мұнай өңдеу зауыты салынып, ядролық энергетика, оның ішінде атом стансасы құрылысы дамиды.

**ШОБ**

Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамитын болады. Ол үшін индустрияландырудың екінші бесжылдығының жоспары «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен біріктіріледі.

**ЭКОНОМИКА-ДА**

Қазақстандық экспорттық әлеуетте шикізаттық емес өнімнің үлесін 70 пайызға дейін ұлғайтуға жағдай жасайтын экономиканың ғылымды қажет ететін моделі енгізілмек. Ғылымды қаржыландырудың өсуі ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем емес деңгейді құрайтын болады.

# Жолдау-2014-тің 7 әлеуметтік басты жобасы:

1
- Әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің еңбекақыларын 40% -ға өсіру

2
- Білім беру қызметкерлерінің жалақысын 29% -ға өсіру

3
- Үлгерімі жоғары оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін құру

4
- Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбекақысын 28%-ға өсіру

5
- Мүгедектігі мен асраушысынан айырылғандығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақыларды 25%-ға өсіру

6
- 2016 жылдың қаңтарынан стипендияны 25%-ға өсіру

7
- “Б” корпусы мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысын 15%-ға, 2016 жылы тағы 15%-ға арттыру.

# Экономиканы дамыту бойынша 7 стратегиялық қадам:

ІЖӨ-нің жыл сайын 4%-дан кем емес өсіміне қол жеткізу

ІЖӨ-нің энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету

Қазақстанда ЭЫДҰ-ның бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу

2050 жылға қарай ШОБ ІЖӨ-ге қатысу үлесін20 %-дан 50%-ға дейін ұлғайтады.

Қазақстандық экспорттық әлеуеттегі шикізаттық емес өнімнің үлесін 70%

Инвестициялар көлемін ІЖӨ-нің қазіргі 18%-нан 30%-ға дейін ұлғайту

Еңбек өнімділігін 5 есе ұлғайту (24,5 мың доллардан 126 мың долларға дейін

# Әлеуметтік дамудың 7 стратегиялық қадамы:

2050 жылға дейін Қазақстанда өмір сүру үшін ең қауіпсіз және қолайлы елдердің біріне айналуы қажет

Жан басына шаққандағы ІЖӨ-ін 4,5 есе ұлғайту (13мың доллардан 60мың долларға дейін)

Сапалы жолдар және барлық көлік түрлері үшін шапшаң жүретін маршруттар

Қала тұрғындарының саны 55%-дан 70%-ға дейін өседі. Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы 80 жасқа дейін ұзарады

Бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру. Қазақстан жетекші еуразиялық мед-қ туризм орталығының біріне айналады.

# *Президент Жолдауы туралы 10 қызықты дерек:*

1. Алғаш рет Президент Жолдауы **Тәуелсіздік сарайында** жолданды;
2. Интернеттің іздеу жүйесі “Қазақстан Президентінің Жолдауы” бойынша сұрауға үш тілде **30 млн-нан астам сілтемелер** береді;
3. Қазақстан Президенті Жолдауды **2 тілде** жолдаған әлемдегі бірден-бір Лидер;
4. Президент Жолдауында Үкімет пен мемлекеттік органдарға 2014 жылға **15 нақты тапсырма** берілді;
5. 1997 жылдан бастап Жолдау-2014 ел Президентінің Қазақстан халқына **18-стратегиялық Жолдауы** болып табылады;
6. Жолдауда Президент **80**-нен астам **инновациялық идеялар** айтты;
7. Алғаш рет Президент Жолдауының [www.strategy2050](www.strategy2050) мамандандырылған сайты ашылды;
8. “**Қазақстан**” және “**қазақстандықтар**”, “**инновациялар мен инновациялық**” сөздері Жолдауда 50-ден астам рет аталды;
9. Жолдауда “**экономика**” сөзі 17 рет, “**білім беру**”-8 рет, **“әлеуметтік**”-10 рет аталды. “**Сапа**” және “**сапалы**” сөздері 10 реттен астам, “**құру**” және “**құрылу**” сөзі 20 шақты рет айтылды;
10. Президент Жолдауы **3  994 сөзден** тұрады.

Бүгінгі Жолдаудың міндеттерін іске асыру еліміздің дамуындағы биік жеңістерге жеткізетініне біз сенімдіміз.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын орындау Отанымыздың әрбір патриотының азаматтық парызы мен борышы деп білеміз.

Біз Елбасымыздың алдымызға қойған міндеттерін іске асыруға шақырамыз!

